

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-балабақшасы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

«Күншуақ» әртүрлі жас тобы

Тәрбиеші: А.Д.Сүндетова

2023-2024 оқу жылы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «Бала – біздің болашағымыз»

Өткізілген күні: Қыркүйек, 2023 жыл

Өткізілген орны: «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: Топ тәрбиешісі, ата-аналар.

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылының мақсат-міндеттері.
2. Балабақшаның ішкі тәртібі.
3. Ата-аналар комитетін сайлау.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Тәрбиеші жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырып, балалардың денсаулығын сақтау, жан-жақты дамыту және ата-анамен тығыз байланыс орнату мәселелеріне тоқталды. Балабақшаның жұмыс тәртібі, балаларды уақытылы әкелу және алып кету, қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

Сөйледі:

Ата-аналар ұсыныстарын айтып, оқу жылында балабақшамен бірлесе жұмыс істеуге дайын екендерін білдірді.

Қаулы:

1. Оқу жылының жоспары бекітілсін.
2. Балабақшаның ішкі тәртібі сақталсын.
3. Ата-аналар комитеті сайлансын.
4. Баланың тәрбиесінде отбасы мен балабақша бірлесіп жұмыс жүргізісін.

Жиналыс төрағасы: А.Д.Сүндетова А.Д.Сүндетова

Хатшы: М.Р.Изимова М.Р.Изимова

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «Отбасы – бала тәрбиесінің алтын бесігі»

Өткізілген күні: Желтоқсан, 2023 жыл

Күн тәртібі:

1. Отбасы тәрбиесінің маңызы.
2. Баланың мінез-құлқын қалыптастыру.
3. Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Тәрбиеші бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы баяндама жасап, балаға сүйіспеншілік, қамқорлық көрсету, дұрыс үлгі болудың маңызын түсіндірді. Баланың күн тәртібі, кітап оқу, ойын және демалыс уақыты туралы кеңестер берілді.

Сөйледі:

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, балаларды тәрбиелеуде кездесетін мәселелерді талқылады.

Қаулы:

1. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылсын.
2. Баламен күн сайын бірге уақыт өткізу ұсынылсын.
3. Балабақшамен тұрақты байланыс жасалсын.

Жиналыс төрағасы: А.Д.Сүндетова А.Д.Сүндетова
Хатшы: М.Р.Изимова М.Р.Изимова

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «Ойнайық та, ойлайық»

Өткізілген күні: Наурыз, 2024 жыл

Күн тәртібі:

1. Ойын арқылы оқыту.
2. Балалардың танымдық қабілетін дамыту.
3. Үй жағдайында дамытушы ойындарды ұйымдастыру.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Тәрбиеші ойынның баланың ойлау қабілетін, есте сақтауын, тілін, шығармашылығын және қарым-қатынас мәдениетін дамытудағы маңызы туралы баяндады. Үйде қолдануға болатын қарапайым дамытушы ойындардың үлгілерін көрсетті.


Сөйледі:

Ата-аналар ойын арқылы оқытудың тиімділігі туралы пікірлерін айтып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қаулы:

1. Үйде балалармен дамытушы ойындар тұрақты ұйымдастырылсын.
2. Баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға көңіл бөлінсін.
3. Балабақша ұйымдастыратын іс-шараларға ата-аналар белсенді қатыссын.

Жиналыс төрағасы:  А.Д.Сүндетова

Хатшы:  М.Р.Изимова

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «Оқу жылын қорытындылау»
Өткізілген күні: Мамыр, 2024 жыл

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың жетістіктері.
3. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Тәрбиеші оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға қорытынды жасап, балалардың сөйлеу, таным, шығармашылық, дене шынықтыру және музыка бағыттары бойынша жетістіктеріне тоқталды. Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау жөнінде ата-аналарға ұсыныстар берілді.

Сөйледі:

Ата-аналар оқу жылының нәтижесіне ризашылықтарын білдіріп, тәрбиешілерге алғыс айтты және келесі оқу жылына ұсыныстарын жеткізді.

Қаулы:

1. 2023–2024 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың жазғы демалыстағы қауіпсіздігі ата-аналардың тұрақты бақылауында болсын.
3. Баланың алған білімін жаз мезгілінде ойын арқылы бекіту жалғастырылсын.
4. Балабақша мен ата-аналардың ынтымақтастығы алдағы уақытта да жалғасын тапсын.

Жиналыс төрағасы: А.Д.Сүндетова

Хатшы: М.Р.Изимова